



XҒТАР 17.82.10

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-152-3-220-233>

Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Жүніс Емре шығармаларындағы рухани үндестік

А.Н. Нурланова^{1*}, А.Қ. Сейпутанова², А.Т. Жәмсап³

^{1,3}Қазақстан-Американдық еркін университеті, Өскемен, Қазақстан

²Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан

(E-mail: ¹anur_81@mail.ru, ²aiimgul@bk.ru, ³akerke_t_99@mail.ru)

Аңдатпа. Түркі халықтары ішінде адамзаттың ғылым мен білімі, мәдениеті мен әлемдік әдебиеттің дамуына өзіндік үлес қосқан тұлғаларға бай. Олардың шығармаларының арасында өзара ұқсас пікірлер мен ойлар, тұжырымдар кездесіп отырады. Ғылыми мақалада қазақ ақыны Шәкәрім Құдайбердіұлы мен түрік шайыры Жүніс Емренің шығармашылығы өзара салыстырылады. Екі ақынның туындыларында қозғалған тақырыптардың ұқсастығына дәлелдер келтіріледі. Ақындардың өмірбаяндарына қысқаша шолу жасалып, таныстырылады. Соның нәтижесінде, қазақ және түркі әдебиетінің ортақтығы, екі ел әдебиетіндегі сабақтастық мәселесі ашылады. Қазақ әдебиетінде өзіндік із қалдырған Шәкәрім Құдайбердіұлы мен XIII ғасырда Анадолы өлкесінде өмір сүрген Жүніс Емренің түрік әдебиетінің дамуына қосқан үлесі қарастырылып, дәстүр жалғастығы анықталады. Мақала Шәкәрім Құдайбердіұлы және Жүніс Емре шығармаларын салыстыра қарастыру арқылы әдебиеттегі рухани үндестік мәселесіне талдау жасауға бағытталады. Ғылыми зерттеудің мақсаты – екі ақынның шығармашылығын саралау арқылы қазақ, түрік әдебиетіне тән ұқсастықты көрсету, әдебиеттер үндестігін зерделеу. Жинақталып зерттелген материал қазақ және түрік ақынының туындыларына арналған ғылыми зерттеулер, түркі тілдес халықтардың әдебиеті арасындағы рухани сабақтастық мәселелері тақырыбындағы зерттеулерге қосымша материал бола алады, оны қазақ және түрік әдебиетінің тарихы жайындағы, Шәкәрімтану жөніндегі еңбектерде, филология факультетінің студенттеріне сабақ беру кезінде, Ш.Құдайбердіұлы және Ж.Емре жайлы семинарларда қолдануға болады.

Түйін сөздер: Шәкәрім Құдайбердіұлы поэзиясы, Жүніс Емре поэзиясы, қазақ әдебиеті, түрік әдебиеті, әдебиеттегі адамгершілік тақырыбы, әдебиеттер үндестігі, рухани сабақтастық.

Түсті: 09.07.2025; Жөнделді: 22.07.2025; Мақұлданды: 13.09.2025; Онлайн қолжетімді: 25.09.2025

*хат-хабар үшін автор

Кіріспе

Түбі бір түркі халықтарының тарихи бірлігі мен рухани сабақтастығы бүгінгі жаһандану дәуіріндегі назар аударарлық мәселелердің бірі. Қазіргі таңда түркі әлемінің рухани тұтастығын, мәдени байланыстарын дәлелдейтін әдеби мұраларын зерттеу өзектілігі артып келеді. Осы тұрғыдан алғанда, түркі халықтарының әдебиетінде көрнекті орын алатын ақындар Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Жүніс Емре шығармашылығын салыстыра зерттеу маңызды ғылыми қажеттілікті туындатады. Бұл тақырыптың өзектілігі екі ақынның туындыларындағы ортақ идеялар және рухани тұтастықты ашумен қатар, қазақ пен түрік халықтарының тарихи, мәдени, рухани үндестігін дәлелдеумен байланысты. Екі ел әдебиетіндегі дүниетанымдық сабақтастық пен моральдық-философиялық ізденістер олардың шығармаларында айқын көрініс табады. Зерттеу нысанына алынған ақындардың философиялық-рухани өлеңдеріндегі моральдық, танымдық және рухани идеялар жүйесі қазақ және түрік әдебиетіндегі философиялық лириканың ұласып жатуымен айқындалады.

Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығы Қ.Мұхамедханов, Х.Сүйіншәлиев, М.Мағауин, Р.Нұрғалиев, С.Қирабаев, Ш.Сәтбаева, Ш.Елеукенов, Е.Жармұхамбетов, М.Мырзахметұлы, Б.Әбдіғазизұлы, Т.Жұртбаев және т.б. зерттеушілердің еңбегінің арқасында қазақ әдебиетінің тарихы тарапынан қарастырылды дегенмен, әлі өз зерттеуін таппай отырған мәселелер баршылық. Солардың бірі – ақын поэзиясының түрік ақыны Жүніс Емремен үндестігі. Әйгілі түрік ақынының поэзиясы әдебиет зертеушілерінің, аудармашы ақындардың өз үлестерін қосуы және Қазақстандағы Жүніс Емре институтының насихаттауымен, қазақ ортасына таныстырылып, жаңа зерттеулерге мұрындық болып отыр.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізін түркі халықтарының әдебиетіндегі рухани сабақтастық пен философиялық дүниетанымды зерделеуге бағытталған кешенді тәсіл құрайды.

Зерттеу нысаны ретінде Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Жүніс Емренің таңдаулы философиялық-лирикалық өлеңдері алынды. Оның ішінде адамгершілік, рухани үйлесім, таным жолы және ішкі тазару секілді ұғымдарды қозғайтын туындылар басым. Бұл материалдар салыстырмалы түрде жүйеленіп, тақырыптық, идеялық және көркемдік жағынан сараланды.

Зерттеу екі ақынның өмірбаяны мен шығармашылық ерекшеліктеріне шолу, ақындардың өлеңдерін салыстырмалы талдау және жүйелеу, философиялық ұғымдарды анықтау және олардың көркем бейнелену жолдарын сипаттау, Шәкәрім Құдайбердіұлы және Жүніс Емре поэзиясындағы сабақтастық арқылы қазақ-түрік әдебиетіндегі рухани үндестікті ашу сияқты кезеңдерден тұрады.

Қолданылған әдістер:

Салыстырмалы талдау – екі ақынның өлеңдерін идеялық және көркемдік тұрғыда салыстыру арқылы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау үшін;

Философиялық-әдеби сараптама – шығармалардағы танымдық, моральдық және рухани мағыналарды терең түсіну үшін;

Тарихи-контекстуалды әдіс – ақындардың шығармаларын өз дәуірінің тарихи және мәдени контекстінде қарастыру үшін;

Жүйелеу және баяндау әдістері – мәтіндерді тақырыптық желілерге бөлу, оларды логикалық реттілікпен талдау үшін қолданылды.

Зерттеу барысында қазіргі әдебиеттану мен түркітану ғылымындағы академиялық әдістерге сүйене отырып, рухани мұраны ғылыми тұрғыда саралауға және әдеби процестегі сабақтастықты дәлелдеуге бағытталған тәсілдер пайдаланылды. Бұл әдістердің үйлесімді қолданылуы зерттеу нәтижелерінің дәлдігі мен ғылыми жаңалығын қамтамасыз етеді.

Нәтижелер мен талқылау

Ұлылардың дара жолын зерттеп, шығармашылығын халыққа танытып жүрген әдебиетшілер мен тарихшылар көп. Рухани арпалыс пен халықтың жан дүниесін ағартуға бүкіл өмірін сарп етіп, оны еңбектерінде жазып, поэзиясында жырлаған данышпан ақын, тарихшы Ш.Құдайбердіұлын осы санатқа жатқызуға әбден негіз бар.

Шәкәрім Құдайбердіұлы XIX ғасырда дүниеге келген ақын, аудармашы, философ, тарихшы, композитор. Шын есімі кей деректер бойынша «Шаһкәрім» деп беріледі. Араб тілінен аударғанда «кәрім» сөзі жомарт, кеңпейіл деген мағынаны білдіреді. Онымен қоса, «Құранның» екінші атауы да дәл осылай аталады (Сыдықов, 2013).

Әкесінен ерте жастан жетім қалған Шәкәрімді атасы Құнанбай өз қолына алса, Абай оны білімге баулып, шығыс, батыс әдебиетімен таныстырып, рухани тәрбиемен сусындатып өсіреді. «Он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысындағы Абай ауылы қазақ жұртының бай өнері мен поэзиясының орталығына, ұлттық мәдениетті өркендету мен насихаттаудың рухани мектебіне айналды» (Нурланова және т.б., 2021).

Кішкентай кезінен «Мың бір түн», «Ер Тарғын», «Алпамыс», «Қобыланды батыр», «Қыз Жібек» тәрізді поэмалар мен жыр-дастандарды оқып өседі. Жырлардан ғибрат алып ержеткен Шәкәрім басқалардан ерек ақылымен ерекшеленеді. Оның зерек болғаны сонша – 14 жасында бірнеше тілде сөйлеген, ән салған, музыка жазған, үнді, парсы, араб, түрік жазбалары мен қатар, орыс тілін, әдебиетін, сол арқылы батыстық білімді меңгерген. «The policy of russification of the Kazakh people had negative consequences in terms of preserving the identity, religion, and traditions of the nation, as well as useful points in terms of the formation of the intelligence» (Daurenbekova et al., 2024).

1905 жылы Шәкәрім қасиетті Меккеге қажылыққа барады. Бұл сапарға оны діндарлығы жетелемейді. Меккеге сапарға аттануының негізгі мақсаты – Абайдың өсиеті бойынша Ыстамбұл мен Париждегі ірі кітапханаларға, Мысыр еліне барып, ғылыми орталықтарда жұмыс жасап қайту еді. Ақынның Ыстамбұл кітапханасында Меккеге бара жатқанында он үш күн, қайтарда да он үш күн болғаны, сол кезде батыс пен шығыстың ұлы ғұламаларымен кездесіп, ой бөліскені де жазған естеліктерінен белгілі.

1930 жылы ақын өміріндегі ең қиын кезеңдерді басынан өткереді. Ұлы Ғафурға жала жабылып, еш тергеусіз түрмеге түседі. Сол жерде өзіне қол салған деген ақпарат та жоқ емес. Бұл жайт жанына қатты батқан Шәкәрім билікті ашық сынауға көшеді. Аштық жылдары үкіметтен еш қайыр таппаған көмекке зәру жұрт қиындықтан шығудың жолын сұрап әлі де ойшылға жиі барып тұрады. Бұқара халықтың Ш.Құдайбердіұлын

қатты сыйлап, оны қадірлеп, ойшылға сенгендіктен, оның айтқанынан шықпауын басшылар жақтырмайды. Сөйтіп Ш.Құдайбердіұлын атуға бұйрық беріліп, 1931 жылы 73 жасында жазалаушылардың қолынан оққа ұшып, ақынның денесі құр құдықта отыз жылдай жатып қалады. Әкесі мен анасы қайтыс болғанда Ш.Құдайбердіұлының сүйегі жатқан апан ұмыт қалмауы үшін, оларды ауыл зиратына емес, елден жырақта жатқан Құрқұдыққа апарып, қажының жанына жерлеген екен (Қайратұлы, 2008).

Жай ғана адамзаттың ғылым-білімді меңгеріп, теңдей бақытты өмір сүруін тілеген Шәкәрімнің және туған-туысқандарының өмірі осындай арпалыс пен күреске, жауыздық пен қатыгездікке толы болды. Ұлы гуманист, ерекше ақыл иесі жапан түзде аяқ асты оққа ұшып арам өлді. Шәкәрім рухы 1961 жылы 8-тамызда Абай зиратының жанына жерленгеннен кейін ғана жай табады. Ақынның есімі тек 1988 жылы ғана толықтай ақталып, оның мұрасы толығымен қайтадан халқына оралды.

Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығы сан алуан. Ол поэзияның шағын жанрымен қоса эпикалық жанрда да, прозада да қалам тербеген, орыс, батыс қаламгерлерінің шығармаларын қазақшалаңдырумен айналысқан. Туындыларының тақырыбынан-ақ ақын сол кездегі бұқара халыққа қанағаттанбағанын, жұрттың білім-ғылымнан қарағанда мал-мүлікті бірінші орынға қоятындығын, оның жолында түрлі қияметке баратындардың залымдығын, жалған, көңілге қонымсыз ұлттық стереотиптердің тигізер зиянын, қасіретін, ескінің айуандық іс-әрекеттерін жақтамағанын бірден аңғаруға болады.

Ш.Құдайбердіұлының мол мұрасының халыққа жетуі ақын, шежіреші ұстаз, Шәкәрімнің кенже ұлы Ахат Құдайбердиевтің ерлікке татырлық еңбегінің арқасы. Ол әкесінің өлеңдері мен дастандарын, прозасы мен аудармаларын тірнектеп жинап, түгендеп, өзі білетіндерін қолдан көшіріп, кітапханаларға тапсырған. А.Құдайбердиев «Шәкәрім жайындағы естеліктер» деп аталатын қолжазбасында әке өміріндегі маңызы зор мәнді оқиғаларды жазып, үзінділерін жариялады. Шәкәрім шығармаларын басып шығару бойынша ақынның тікелей ұрпағымен бірге жұмыс атқарған филология ғылымдарының докторы, профессор Мұхамедрахым Жармұхамедұлының «Ахаң Шәкәрім өлеңдерін түгелдей жатқа біледі екен деген қорытындыға келдім» деп таңырқауы да тегін емес. Асылдың сынығы Ахат ұстаз әкесінің кез келген өлеңін жалғастырып кете алатын болған екен (Мұхамедрахым, 2006).

Шәкәрім өлеңдерін қолға алып оқыған адам оның жазу стилін, қозғаған тақырыптарын Абайға ұқсатып жатады. Ұстазы ұлы Абай болғандықтан, бұл құбылыс заңды да. Алайда, оның поэзиясындағы өзіндік ерекшеліктерді жоққа шығаруға болмайды. Ш.Құдайбердіұлы шығармашылығының негізі ретінде философияны алып, ойын соның төңірегінде кеңінен өрбітеді. Ұстазы тәрізді ол да ғылым-білімге көп көңіл бөледі, жастарға насихат айтады, адам болмысын тереңдей сынайды.

«Әлем әдебиетінде ұқсас сюжеттер, сарындық қайталаулар әдеби ықпалдастықтар мен алмасулар болатыны сөзсіз» (Жанбершиева, 2023). Шәкәрім Құдайбердіұлы өлеңдерінің тақырыптары мен онда қозғайтын мәселелері Абаймен қатар түрік ақыны Жүніс Емренің шығармашылығына ұқсас.

Жүніс Емре (Ynus Emre) – 1238 жылы дүниеге келген әйгілі түрік халық ақындарының бірі және түрік мәдениетіне үлкен ықпал еткен танымал адам.

Жүніс Емре әйгілі сопы болды, оның түрік тілінде жазған өлеңдері көптеген жасырын мағыналар мен ережелерге толы. Ол өлеңдерін көбіне Жүніс әл Ғариб лақап атымен жазды.

Жүніс Емре – Түркиядағы ең танымал ақындардың бірі. Бірақ оның есімі өмірден озғаннан кейін ғана халық арасында әйгілі бола бастайды.

Ақынның өмірі туралы нақты деректер жоқтың қасы. Алайда, зерттеушілер оның XIII ғасырда Анадолыда өмір сүргендігін айтады. Кей түрік ғалымдары Жүніс ақынның мүлдем білімі жоқ, диқаншылықпен айналысып күн көрген десе, ғалымдардың екінші бір тобы оны Ислам мәдениетіне үңіліп, мәнін тереңінен түсіне білген зиялы қауым өкілі ретінде таниды. Ақынның өмірі мен шығармашылығын толыққанды қарастырып шыққан зерттеушілер оның медреседе білім алып, философия, тарих, география ғылымдарынан хабардар болғандығын айтады. Сопылық мектептің негізін қалаушы өз өлеңдерін Анадолы оғыздарының халыққа түсінікті қарапайым тілінде жазған. Сол арқылы өзінен кейінгі ақындарға үлгі болып, қарапайым тілмен де керемет туындыларды жазып шығуға болатынын дәлелдеген. Осылайша ол түрік әдебиетіне мистицизм стилін әкеледі. Яғни, Жүніс ақын философиялық, сопылық күрделі тақырыптарды жеңіл тілмен бұқараға жеткізе білді, терең сезімдерді қарапайым көріністермен сипаттап бере алды.

Ж.Емре сопылықты ұстанғаннан кейін өлеңдерінің басым бөлігі жаратушы ие, пенденің оған деген махаббаты, құдайға деген ғашықтық жайлы уағыз жеткізетін, дидактикалық шығармалар. Алайда, ақынның өмір мен өлім, дүние мен тағдыр, ақыл мен білім жайлы туындылары да аз емес.

Кейбір тарихи деректерге сүйенсек, оны адамдар «Белгісіз Жүніс» деп атайтындықтан, өзін жалғыздық пен қоғам арасында бөтен сезінген. Сондықтан ол уақытының көп бөлігін терең ойға шомып, жүзімдіктер мен бау-бақшаларды аралаумен өткізген.

Жүніс Емре ақындығымен қоса саяхатшы да болған. Оның Кайсери, Тебриз, Сивас, Мерс, Бағдат, Нахчыван және Ширазға саяхаты шығармашылығына әсер етті.

Ол адами құндылықтарды, махаббат, қоғамдық тыныштықты сөз еткен өлеңдерімен танымал. Ақын поэзиясы кейінгі түрік сопыларына үлкен әсер етті, сонымен қатар 1910 жылдан кейін түрік ұлттық поэзиясының қайта жандануында ақындарды шабыттандырды. Түркілер Жүніс Емрені эпикалық қаһарман және әділдіктің ту ұстаушысы ретінде санады. Өйткені ол шөлді және қаңырап қалған бос жерлерді шығармашылығы, іс-әрекеті арқылы өмірге толы мекенге айналдыра білген данышпан адам. Ол түрік тілінен бөлек араб, парсы тілдерін жетік меңгерді.

Ж.Емре «Диуан», «Рисала ан-Насих» еңбектерін жазып, аталмыш жырлары Әл-Фатих көшірмесі, Осман империясының Нұр көшірмесі, Яхия Эфендидің көшірмесі, Карман көшірмесі, Баликесир көшірмесі, Мысырдың Ниязи көшірмесі, Бурса көшірмесі арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырды. Оның махаббат пен адам тағдыры тақырыптарына арналған өлеңдері терең сезіммен, тура мәнерімен бірден көзге түседі. Жүністің өлеңдері де мазмұндық, формалық және тіл жағынан музыкамен ұштасып жатыр. Бір жағынан жаттауға оңай (.

Түрік ақынының өлеңдері қазақ оқырмандары үшін Шәкәрім Құдайбердіұлын еске салады.

Күллі адамзатты өзге тіршілік иесінен ерекшелейтін ғылым екені даусыз. Себебі жер бетінде адамнан басқа бір де бір тірі жан ғылым құдіретін осыншалықты пайдаланып, соның негізінде дами алмайды.

Қос ақынның өлеңдерінде жиі жырланатын тақырып – білім және ғылым мәселесі.

Жүніс Емре ғылым хақында былай дейді:

«Шын ғылымның ғылымы – өзіңді-өзің білгенің,

Өзіңді-өзің білмесең, надан болып жүргенің.

Білу деген зор ғылым құдайды һәм адамды,

Мәнін терең білмесең, еңбегің болмас жарамды» (Бердібай, 2018).

Ш.Құдайбердіұлының тек ғылым-білім жайында ғана жазылған бірсыпыра өлеңдері бар. Атап айтсақ, «Ғылымсыз адам – айуан», «Жасымнан жетік білдім түрік тілін», «Кейбіреу безді дейді қатынынан», «Қараңғы мен жарықты жүрміз өлшеп», «Ойлаңыз, ақыл-білім қайда болмақ?», «Сен ғылымға болсаң ынтық» және т.б. Ол «Ғылымсыз адам – хайуан» өлеңінде адам не қылса да, не істесе де өмірде міндетті түрде білімді меңгеруі керектігін айтады. Оны төмендегі өлең жолдарынан көруге болады:

«Ғылымсыз адам – айуан,

Не қылсаң да, ғылым біл.

Ғылымға да керек жан,

Ақылсыз болса, ғылым тұл» (Құдайбердіұлы, 2003). Екі ақынның өлең жолдарын оқи отырып, екеуінің де ғылым жайлы ойларының бір жерден шыққанын байқау қиын емес.

Ғылым-білімді өмір бойы іздесе де, оның ұшы-қиырының жоқтығын түсінген Шәкәрім «Қараңғы мен жарықты жүрміз өлшеп» өлеңінде:

«Жаралыс жұмбағының ісі өлшеусіз,

Білдім деген – білмедім дегенге есеп» (Құдайбердіұлы, 2003) десе, Жүніс Емре өз заманында:

«Білдім, дұға оқыдым» деп айту – ісі білместің,

Бір құдайды білмесең, бостан-босқа күн кештің» (Түрік поэзиясы, 2016),- деп қайырған екен. Алайда, Шәкәрім Құдайбердіұлы «Сен ғылымға болсаң ынтық» өлеңінде: «Шын залымға берме ғылым, Ол алар да оқ қылар» (Құдайбердіұлы, 2000),- дейді. Зұлымды өзінен басқа еш нәрсе қызықтырмайды. Тек өз қажетін қамтамасыздандырып алса болғаны. Яғни, оған берілген білімнің қоғамға еш пайдасы жоқ. Бұл сөзі арқылы автор оқудың, оқытудың дұрыс жолын көрсетіп, жастарға бағыт-бағдар беруде. Адам танымай, жауызға ғылым үйреткен ұстаз ерте ме кеш пе «Біреуге мылтық үйреттім, Ол мерген болды мені аттының» кебін киеді. Жауыз адам ғылымды қару ретінде пайдаланып, айласын сол арқылы жүзеге асырады. Тіпті «кісі атып жеуден» (Құдайбердіұлы, 2000) де тайынбақ емес. Осылайша, білімді залым елді алдап, керегіне қол жеткізеді.

Шәкәрім қажы атанғанымен, дінге қатты берілген фанатик те, өмірдің ләззаты мен рахатынан аулақ болуды уағыздап, насихаттаған тақуа да болмаған (Жолдасбекұлы және т.б., 2001). Бұл сапарға оны діндарлығы жетелемейді. Меккеге сапарға аттануының негізгі мақсаты – Абайдың өсиеті бойынша Ыстамбұл мен Париждегі ірі кітапханаларға, Мысыр еліне барып, ғылыми орталықтарда жұмыс жасап қайту еді. Ақынның Ыстамбұл кітапханасында Меккеге бара жатқанында он үш күн, қайтарда да он үш күн болғаны, сол кезде батыс пен шығыстың ұлы ғұламаларымен кездесіп, ой бөліскені де жазған естеліктерінен белгілі. Бірақ Жүніс Емре исламның сопылық бағытын ұстанған ақын. Дін мен ғылымның бір-біріне қайшы құбылыс екені мәлім болса да, түрік ақыны ғылым атаулыны мойындап, дүниенің негізінің сол екенін айта кеткен.

«Қасиетті төрт кітап – бір Әліпке сыйып тұр,

Сол Әліпті білмесең, білім емес, күйік – бұл» (Түрік поэзиясы, 2016), – деп ол қаріпті білудің, оқып-жазудың маңызын жырлап, өзі діндар адам болса да:

«Емре айтар: барғанша қажыға мың рет,

Жүрегіне адамның кіріп көрші бір рет» (Түрік поэзиясы, 2016), – деп адамгершілік, ар-ұяттың «өтірік діннен» анағұрлым жоғары екендігін көрсетеді.

Шәкәрім ақын өзінің «Бұл кездегі діндердің бәрі нашар» өлеңінде былай дейді:

«Әлемдегі діндердің түп мақсұты

Үш нәрседе бұлжымай құшақтасар:

Құдай – бір, ұждан – дұрыс, қиямет – шын,

Еш діннің мақсұты жоқ мұнан асар» (Құдайбердіұлы, 2003). Қазіргі діннің жайын барлай отырып, оның саны қаншалықты көп болса да, бір жаратушы күштің бар екені даусыз дейді Шәкәрім. Адам жаратушы иеге жақындауы үшін құр қажылықтың пайдасы жоқ. Ол үшін бойда адамгершілік, ақыл-ой тазалығы, ар-ұждан, мейірім болуы керектігіне екі ақын да қосылады.

Жүніс ақын адамзаттың алға қояр мақсаты – бойда адамдықтың болуы және жүректің пәктігі дейді.

«Сол жүректің тазалығы –

Ұмтылатын мұратың,

Ол бір асқар, шыңың да сол шығатын» (Атеш, 2021), – деген өлең жолдары соған дәлел.

Шәкәрім өлеңдерінің де бір шоғыры философиялық ой-толғамдарға толы, адам және оның болмысы, ар-ұят, ақыл-санасы, құмарлық, ашу мен ынсап, дүние, иман мен жан, жастық пен кәрілік туралы.

«Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген Абайдың сөзіне Шәкәрім де қосылады. Пенденің төрт аяқты хайуаннан айырмашылығы – оның адамшылығында. «Адам боп, хайуаннан болсаңшы ерек!» деп Ш.Құдайбердіұлы жұрттың бүгінгі қалпына ашына сөйлейді.

Түбіне дейін жалмамай, жығылып, жылағанға көмек беру керектігі - ақын қаламынан туған «Адамшылық» өлеңінің басты идеясы.

Жүніс Емре адамдық хақында былай дейді:

«Жаны таза пендеге Аллаһ өзі дем берер,

Тура жолды тапқанға мәңгі өмірге жол берер.

... Кейбір дінсіз дүмшелер, мақтау сөзге мастанар,

Құдай нәсіп қылмаса тозағына аттанар».

Ал Шәкәрім ақын төмендегідей жырлайды:

«Көңілі жұмсақ адамның

Күрмеуін тағдыр шешеді.

Рахымсыз, пейілі жаманның

Орны дайын деседі» (Құдайбердіұлы, 2000).

Бұл жердегі «таза пенде», «көңілі жұмсақ адам» дегендер адамгершілігі, ар-ұяты, иманы барлар.

«Ақылы жоқ наданның сөздеріне, Тәкаппар адамның сөздеріне Лағынет қана айтылады» деп Жүніс Емре адам болып туа тұра күні хайуаннан төмен жаратылыс иелеріне

қарғыс айталатынын жеткізеді. Шәкәрімнің де айтпағы сол. Төмендегі өлең жолдары соған дәлел:

Еріншектен – салақтық,
Салақтықтан – надандық...
Бірінен-бірі туады,
Жоғалар сөйтіп адамдық (Құдайбердіұлы, 2000).

Шәкәрім ақынның айтуынша, адамдық қасиеттен айырылып қалу оп-оңай. Оған жалқаулана салу да жетіп жатыр. Мұның арты салақтыққа әкеп соғады. Ал кез келген істі келсін-келмесін өтірік жасай салудың салдарынан адам жаңаны меңгермейді. Содан надандық туады. Наданды адам деудің өзі қиын.

Екі ақын да ақылды дұрыс қолдана білу керектігін ескертеді. Шәкәрім Құдайбердіұлы ақылдың екі түрін қарастырады. Бірі – жай ғана ақыл болса, екіншісі – таза ақыл. Жай ақыл адамзатқа тамақ тауып жеу, суық күнде жан сақтай алу деген сияқты қажеттіліктерді өтесе, таза ақылды жалпы өмір сүрудің дұрыс жолын нұсқаушы, хақиқатқа жетудің басты кілті деп біледі.

Жүніс Емре де ақылды орнымен қолдана білу керек және ол барлығының қолынан келе бермейді дейді. «Пенделер бар ақылмен табыспаған, Сонысымен Құдайдан алыстаған» (Атеш, 2021) дей отырып, ол да Шәкәрім сияқты хақиқатқа жетудің жалғыз жолы – адамзаттың ақылды саналы түрде керегіне жарата білуі деп жырлаған.

Осы орайда екі данышпанның ойлары тағы да тоғысады. Адамның ақылы оның қанағатымен тығыз байланысты. «Талап пен ақыл» өлеңінде Шәкәрім талапқа тағылатын алты ноктаны тізбектеп, олардың әрқайсысына өзінше анықтама береді. Ал қанағатты ол төмендегідей сипаттайды:

Ынсап деген аспайды, кем қалмайды,
Орнын таппай ол, сірә, қозғалмайды (Құдайбердіұлы, 2000).

Адам барға қанағаттанып отыра берсем, өзгелерден кейін қалам деп ойлайды. Осы орайда туындайтын парадокс бар: қанағаттану керек және қанағаттанбау керек. Шәкәрімнің ойын өрбітсек, ол ынсапты барлық пен жоқтықтың ортасы деп қарастырады. Яғни, барға шүкіршілік етіп, қанағаттана отырып, адам жоққа ұмтылуы керек.

Жүніс ақын «Насихаттар кітабында» «Қанағат қыл, өмірде бол саналы, Алланың нығметі таусылмайды, Аспаннан күндіз-түні жауса дағы» деп, ақылды адамның бойында болуы керек қанағат деген тағы бір қасиеттің түрін түстеп береді.

Шәкәрім де осы сияқты ұлтқа тән жағымсыз мінез-құлықты тізбектеп, одан құтылудың сырымен бөліседі. Жер жүзі тәннің қамын жасауды кейінге қалдырып, ғылымға назар салғанда, қазақ әлі де болса құр шатаққа құмарланып жүр деп налиды ақын. Ойда нәпсіні қанағаттандырудан басқа ештеңе жоқ деген Ш.Құдайбердіұлы төмендегі өлең жолдарымен ащы да болса шындықтың дәмін татқызады:

Ойда жоқ: «өнер біліп, жол табайын»,
Жалмауға жалықпайды өз маңайын (Құдайбердіұлы, 2000).

Бір жаманы – қазақ білім мен ғылымға тым қанағатшыл да, малға тойымсыз. Оған ұлы Абайдың мына сөзі дәлел: «... қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білу үшін, әділет үшін қам жемейді екен, бірақ мал үшін қам жейді екен» (Абай, 2006).

«Демейді ғылым іздеп жанданайын,

Мақсаты – мақтан іздеп паңданайын» (Құдайбердіұлы, 2000), – деп XIX ғасырда Шәкәрім жырлаған қазақ әлі сол қазақ. Еш өзгермеген, толыспаған, толмаған. Ойлайтыны тек қара бастың қамы, қора толы малы. Ал бастағы аз ғана ғылымға қанағаттанып, бір-ақ сәтте еріп кететін мұзға тым құмар мемлекеттің болашағы жоқ деп налиды данышпан.

Адамның ақылын бәсеңдететін бірнеше кедергі болады. Бірі жоғарыда қарастырылған қанағатсыздық болса, келесісі – тәкаппарлық, мақтаншақтық пен менмендік. «Тәкаппарлық алыстатар бәрінен» деген түрік ақынының бір тармақ өлең жолынан ақиқатты аңғаруға болады.

«Тәкаппар басбұзар бір іске ұрынды,

Тау басын бетке алып шықты да бүлінді.

Ал кішіпейілдер өзен боп ақты, эне!

Ағысын тоқтатпай, теңізін тапты, эне» (Атеш, 2021) деп ол қарама-қарсылықты қатар қойып салыстырады.

Ал Шәкәрім арзан мақтанның, даңғойлықтың ешқандай пайда әкелмейтінін жырлайды. Соның салдарынан қаржысы болмаса да, елге қызығып, мақтан үшін қымбат киінетін қуыс кеуделілердің де барын білеміз. Шәкәрімнің бұл қоғам өкілдеріне наразылығы төмендегі өлең жолдарынан көрінеді:

Етігіңнен именіп,

Жауың қорқып бұқты ма?

... Киімі қымбат екен деп,

Ешкім сенен ықты ма? (Құдайбердіұлы, 2000).

Ынсап – адамды бақытқа жетелейтін жағымды қасиет. Мұны жоятын мақтан қуу, құмарлық, көрсеқызарлық дейтін зиянкестер.

Адам өмірін жалғастыруы үшін онда «барға – қанағат, жоққа – сабыр» болуы керек. Егер пенде барға рахым етпей, есіріп кетсе, ол жазаланады дейді Ш.Құдайбердіұлы:

«Біреудің мінін кешірсең,

Саған да құдай кешеді.

Бәрін де қылмай есірсең,

Төбеңді әлі-ақ теседі» (Құдайбердіұлы, 2000).

Сондықтан, адам жоғын ғана байқап зарламай, барына назар аударып, шүкіршілік ете білуі керек. Қолда бар бұрынғы бағаланғаннан кейін ғана адам жаңа бақты иемденеді.

Келесі бір ұқсастық: Жүніс Емренің өткенінен, Шәкәрім Құдайбердіұлының өзінің өмір сүріп жатқан уақыты мен келешек заманнан қорқуы. Жүніс ақын:

«Уа, ағайын, дос-жаран, мен қорқамын өлімнен,

Арқалаған күнәм көп, көрім жақын төрімнен.

Барлық күнәм өлгенде, көз алдыма тартылар,

Ақыретті ойласам – өне бойым қалтырар» (Түрік поэзиясы, 2016), – десе, Ш.Құдайбердіұлы:

«Мен қорқамын, қорқамын,

Қорыққанымнан жортамын.

...Адалыңды «арам» деп,

«Мен адалға барам» деп,

Ит жейтұғын жемтікті,

Жиіркенбей жалар ол» (Құдайбердіұлы, 2003) сияқты өлең жолдарымен өз қорқынышын жеткізеді.

Жүніс Емре «Сабақ ал» өлеңінде: «Адам – пендем, бір сабақ, Алғың келсе Өлімнен, Тірліңде пұл санап, Босқа өтпегін өмірден», – деп, ақшаның, дүниеқоңыздықтың түкке де тұрмайтынын, адамның жер бетіне уақытша келгенін жазады.

Шәкәрім ақын «Насихат» деп аталатын туындысында:

«Кел, байлар, балаңды оқыт, ғылым ізде,

Қазақты бастайтұғын қару сізде.

Партияға шашқанша, осыған сал,

Қолыңда қорегің бар кезіңізде» (Құдайбердіұлы, 2003), – дей отырып, ақша мен мансаптан қарағанда адамгершілік, ар-ұят, ғылым-білім, өнердің маңызы зор екенін жеткізіп қана қоймай, тек бір күндігін ойлаған кедейлерді сынайды. Баста мәңгі тұрмайтын билік үшін жанталасқан байларға ақшаны босқа шашпай, балаңды оқыт дейді. Жарлыларға да «бойыңды жалдап құл болма, ойың жалда» деп, ақысына тамақтан өзге түк таппасаң да, өнер үйрен, жалқаулықтан жирен деп кеңес береді. Оқудың қиындығы – уақытша, білместік зардабы – мәңгілік (Құдайбердіұлы, 2000). Бұл жерде де екі ақынның ойы бірдей. Келесі бір өлеңінде ақын ғылымсыз адамды айуанға теңейді. Бұл жерде де байлыққа сыйыну, қуыршақтай аса сәнді киінуден аулақ бол, не қылсаң да ғылымды игер, «Тікенің болса бойыңда, Ауырса да өзің жұл» дейді (Құдайбердіұлы, 2000).

Сараңдық жайындағы өлеңдер шоғыры Жүніс Емреде де бар.

«Сараң деген кім десеңіз, саралауға санам даяр,

Жегенін ол өзінен де және сенен, менен аяр!

Тапқан табыс болса егер де оны өзіне-өзі бермес,

Бейне қолы байлаулыдай, қайырлы іске кезі келмес» (Түрік поэзиясы, 2016), – дей келіп, дүниеқоңыздарға «Дүние – боқ» оған құр еліргеннің пайдасы жоқ деп жырлайды. Адам о дүниеге аттанарда жиған-тергенінің ешбірін өзімен көрге әкете алмайды дейді «поэзияны өзінің діни-сопылық, моральдық және адами көзқарастарын жеткізу құралы ретінде пайдаланған ақын» Жүніс Емре (Әбелдаев, 2013).

Қорытынды

Қорытындылай келе, түрік шайыры Жүніс Емре мен қазақ ақыны Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығында рухани үндестік бар деп тұжырымдауға болады. Тек туындылары ғана емес, екі данышпанның өмір жолдарында да ұқсастық бар. Жүніс Емре туындыларындағы Хаққа, Жаратушы иеге деген махаббат Шәкәрім өлеңдеріндегі хақиқатқа жетудің жолын көрсетуімен ұласады. Екеуі де адамзаттың өз атына лайықты өмір сүруін қалаған. Соның жолында философиялық ой саларлық мәнісі терең жырларын жазып қалдырған. Туындыларынан келешекке деген сеніммен қатар жүретін қорқыныш та байқалады.

«Қазақ-түрік мәдени-рухани байланыстарының тарихында Шәкәрім Құдайбердіұлының алар орны мен атқарған қызметі мазмұнды және өнегелі» (Тұрсын және т.б., 2017). Адамгершілік, махаббат, жақсылық пен жамандық, ақ пен қара, ар-ұждан, ынсап, ғылым мен білім сияқты ортақ тақырыптар екі ақынның шығармашылығын үндестіріп тұр. Өлеңдерінің атаулары ғана емес, белгілі мәселе жайындағы ойлары

үнемі бір жерден шығып отырады. Бұл сабақтастық түркі әлеміндегі ортақ дүниетаным мен рухани сабақтастықты дәлелдей түседі. Жүніс Емре мен Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығы ұлт мүддесі емес, адамзаттық құндылықтарды арқау еткен шығармалары арқылы ұлттар мен мәдениеттар арасындағы рухани үндестіктің жарқын көрінісі болып табылады.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі. А.Н. Нурланова мақаланың негізгі идеясын белгілеп, жұмыстың құрылымын жоспарлап, логикалық жүйесін айқындады, талдау мен нәтижелерді қорытындылауға үлес қосты. А.Қ. Сейпутанова зерттеу әдістерін анықтап, зерттеу нәтижелерін жинақтап, талдау жүргізді. А.Т. Жәмсап мақаланы мақаланы сыни тұрғыдан қайта қарап, академиялық талаптарға сәйкестендірумен айналысып, мақаланың рәсімделуіне үлес қосты.

Әдебиеттер тізімі

- Абай. (2006). Қара сөздері. Алматы: Өнер.
- Атеш, Ш. (2021). Юнус Эмре. Таңдамалы өлеңдер. Нұр-Сұлтан: Фолиант.
- Әбелдаев, Ж. (2013). Жүніс Әміре поэзиясындағы гуманизм мәселелері. In «Әбу Насыр әл-Фараби мұрасы және қазіргі заман» халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары (pp. 281–284). Алматы.
- Бердібай, Р. (2018). Гүлстанның бұлбұлдары. Жұлдыздар жарығы (Т. 2). Алматы: РПБК Дәуір.
- Жанбершиева, Ұ., Оралова, Г.С., Төлебаева, А.Т., & Камишев, Г.А. (2023). Сырсүлейлерінің (Тұрмағамбет, Жүсіп, Омар) мысал өлеңдеріндегі Шығыстық дәстүр. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, 4(145), 121-131. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-145-4-121-131>
- Жолдасбекұлы, М., Салғараұлы, Қ., & Сейдімбек, А. (2001). Елтұтқа. Астана: KUL TEGIN.
- Қайратұлы, Б. (2008). Қажыны атқан Қарасартов емес. Жас қазақ, (38), 2–5.
- Құдайбердіұлы, Ш. (2000). Иманым. Алматы: Арыс.
- Құдайбердіұлы, Ш. (2003). Қазақ айнасы. Өлеңдер мен поэмалар. Алматы: Атамұра.
- Мұхамедрахым, Ж. (2006). Әке аманатын ақтаған. Семей мемлекеттік педагогикалық институты, 2(2), 47–51.
- Нурланова, А.Н., & Мешимбаева, Б.Ш. (2021). Абай мен Шәкәрімді тоғыстырған ар ілімі. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Филология сериясы, 1(75), 257–261. <https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7804.44>
- Оралқызы А. (2022, 11 наурыз). Жүніс Емренің өлеңдері қазақ тілінде жарық көрді. Massaget.kz. <https://massaget.kz/>
- Сыдықов, Е. (2013). Шәкәрім. Алматы: Ғылыми-танымдық басылым.
- Түрік поэзиясы: Жүніс Емре. (2016, шілде 20). Әдебиет порталы. https://adebiportal.kz/kz/news/view/turik-poeziiasy-zunis-emre_16549
- Тұрсын, Х., Исин, А., & Таракчы, В. (2017). Қазақ-түрік мәдени байланыстарындағы Шәкәрім Құдайбердіұлы. ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы, 2(85), 56–65. <https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history/issue/view/16/2-85-2017>

Daurenbekova, L.N., Kartayeva, A. M., Zhumatayeva, Z.N., Bekenova, G.Sh., & Nurlanova, A.N. (2024). The first educational directions and issues of literary translation in the Kazakh steppe. *Cadernos de Tradução*, 44(1), 1–12. <https://doi.org/10.5007/2175-7968.2024.e95583>

А.Н. Нурланова¹, А.К. Сейпутанова², А.Т. Жамсап³

^{1,3}Казахстанско-Американский свободный университет, Усть-Каменогорск, Казахстан

²Восточно-Казахстанский университет имени Сарсена Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан

Духовная гармония в произведениях Шакарима Кудайбердыұлы и Юнуса Эмре

Аннотация. Среди тюркских народов особое место занимают выдающиеся мыслители и поэты, внесшие весомый вклад в развитие науки, культуры и литературы. В их произведениях отражены общие духовные и философские идеи, раскрывающие мировоззрение тюркоязычного мира. Настоящая статья посвящена сравнительному анализу творчества казахского поэта Шакарима Кудайбердыұлы и турецкого поэта XIII века Юнуса Эмре. Оба автора в своём наследии поднимают схожие темы – нравственное очищение, духовную гармонию, поиск истины и смысла бытия. В работе даётся краткий обзор биографий поэтов, анализируются художественные и философские параллели в их произведениях. Через сопоставление лирики выявляется преемственность традиций и духовных ценностей, характерных для казахской и турецкой литературы. Особое внимание уделяется понятию духовной гармонии как объединяющему мотиву в творчестве обоих авторов. Целью настоящего исследования является выявление общего культурного и духовного кода в творчестве двух поэтов через дифференцированный анализ их произведений. Научная новизна работы заключается в рассмотрении межлитературных связей казахской и турецкой поэзии через призму философско-религиозной лирики. Полученные результаты могут быть использованы в дальнейших литературоведческих и тюркологических исследованиях.

Ключевые слова: поэзия Шакарима Кудайбердыұлы, поэзия Юнуса Эмре, казахская литература, турецкая литература, нравственная тема в литературе, гармония литературы, духовная преемственность.

A.N. Nurlanova¹, A.K. Seiputanova², A.T. Zhamsap³

^{1,3}Kazakh-American Free University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

³Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

Spiritual harmony in the works of Shakarim Kudaiberdiuly and Yunus Emre

Abstract. Among the Turkic peoples, many prominent figures have made significant contributions to the development of science, education, culture, and literature. Their works often reflect shared spiritual and philosophical ideas. This scholarly article compares the literary heritage of Kazakh poet Shakarim Kudaiberdiuly and 13th-century Turkish poet Yunus Emre, highlighting thematic similarities in their writings. A brief overview of each poet's biography is provided. The article explores commonalities between Kazakh and Turkish literature and emphasizes the continuity of literary traditions shared by both cultures. Shakarim, a key figure in Kazakh literature, and Yunus Emre, who played a major role in

the development of Turkish poetry, both addressed themes such as spiritual purification, inner harmony, and the search for truth. Their works serve as a reflection of the moral and philosophical values of the Turkic world. The main goal of this study is to identify the cultural and spiritual connections between Kazakh and Turkish literature through a comparative analysis of the two poets' works. The findings contribute to literary and Turkological research and can be used in courses on the history of Kazakh and Turkish literature, in Shakarim studies, and in seminars focusing on both authors.

Keywords: Shakarim Kudaiberdiuly's poetry, Yunus Emre's poetry, Kazakh literature, Turkish literature, moral theme in literature, harmony of literature, spiritual continuity.

References

- Abai. (2006). Kara sozderi [Words of Edification]. Almaty: Oner. (in Kazakh)
- Atesh, Sh. (2021). Yunus Emre. Tandamaly olender [Selected poems]. Nur-Sultan: Foliant. (in Kazakh)
- Abeldae, Zh. (2013). Zhunis Amire poeziiasyndagy gumanizm maseleleri [The issues of humanism in Yunus Emre's poetry]. In Abu Nasyr al-Farabi murasy zhane kazirgi zaman halyqaralyq gylymi-teoriiialyq konferensia materialdary (pp. 281–284). Almaty. (in Kazakh)
- Berdibai, R. (2018). Gulstannyn bulbullary. Zhuldyzdar zharygy [The nightingales of Gulistan. The light of stars] (Vol. 2). Almaty: RPBK Dauir. (in Kazakh)
- Mukhamedrakhym, Zh. (2006). Ake amanatyn aktagan [He fulfilled his father's legacy]. Semei memlekettik pedagogikalyk instituty, 2(2), 47–51. (in Kazakh)
- Nurlanova A., & Meshimbaeva, B. (2021). The conscience that united Abay and Shakarim. Bulletin of Abai KazNPU. Series of Philological Sciences, 1(75), 257–261. <https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7804.44> (in Kazakh)
- Zhanbershiyeva U., Oralova G., Tulebayeva A., & Kamisheva G. (2023). Eastern traditions in fables of storytellers of the land of Syr (Turmagambet, Zhusip, Omar). Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. PHILOLOGY Series, 145(4), 121–131. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-145-4-121-131> (in Kazakh)
- Zhunis Emrenin olenderi kazak tilinde zharkyk kordi [Yunus Emre's poems published in Kazakh]. (2025). Massaget.kz. <https://massaget.kz/> (in Kazakh)
- Qairatuly, B. (2008). Kazhzynty atkan Karasartov emes [It was not Karasartov who shot the pilgrim]. Zhas Kazak, (38), 2–5. (in Kazakh)
- Qudaiberdiuly, Sh. (2003). Kazak ainasy. Olender men poiemalar [Mirror of the Kazakhs. Poems and poetics]. Almaty: Atamura. (in Kazakh)
- Qudaiberdiuly, Sh. (2000). Imanym [My faith]. Almaty: Arys. (in Kazakh)
- Oralkyzy, A. (2022, March 11). Zhunis Emrenin olenderi kazak tilinde zharik kordi [The poems of Yunus Emre were published in Kazakh] Massaget.kz. <https://massaget.kz/> (in Kazakh)
- Sydykov, E. (2013). Shakarim. Almaty: Gylymi-tanyndyk basylym. (in Kazakh)
- Turik poeziiasy: Zhunis Emre [Turkish poetry: Yunus Emre]. (2016, July 20). Adebiet portaly. https://adebiportal.kz/kz/news/view/turik-poeziiasy-zunis-emre_16549 (in Kazakh)
- Zholdasbekuly, M., Salgarauly, Q., & Seidimbek, A. (2001). Eltutqa [National symbol]. Astana: KUL TEGIN. (in Kazakh)
- Tursyn, Kh., Isin, A., & Tarakchy, V. (2017). Kazak-turik madeniet bailansytaryndagy Shakarim Qudaiberdiuly [Place and role of Shakarim Kudaiberdiuly in Kazakh-Turkish cultural relations]. Journal of History, 2(85), 56–65. <https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history/issue/view/16/2-85-2017> (in Kazakh)

Daurenbekova, L.N., Kartayeva, A.M., Zhumatayeva, Z.N., Bekenova, G. Sh., & Nurlanova, A.N. (2024). The first educational directions and issues of literary translation in the Kazakh steppe. *Cadernos de Tradução*, 44(1), 1–12. <https://doi.org/10.5007/2175-7968.2024.e95583>

Авторлар туралы мәлімет:

Нурланова Асем Нурланқызы – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан-Американдық еркін университеті, Өскемен, Қазақстан. E-mail: anur_81@mail.ru, ORCID: 0000-0001-9782-1507

Сейпутанова Айымгуль Камзановна – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдас-тырылған профессор, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан. E-mail: aiimgul@bk.ru, ORCID: 0000-0003-4352-4448

Жамсап Ақерке Талантқызы – магистр, оқытушы, Қазақстан-Американдық еркін универ-ситеті, Өскемен, Қазақстан. E-mail: akerke_t_99@mail.ru, ORCID: 0000-0002-7902-5221

Нурланова Асем Нурланқызы – кандидат филологических наук, профессор, Казахстанско-Американский свободный университет, Усть-Каменогорск, Казахстан. E-mail: anur_81@mail.ru, ORCID: 0000-0001-9782-1507

Сейпутанова Айымгуль Камзановна – кандидат филологических наук, профессор, Восточно-Казахстанский университет им. С.Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан. E-mail: aiimgul@bk.ru, ORCID: 0000-0003-4352-4448

Жамсап Акерке Талантқызы – магистр, преподаватель, Казахстанско-Американский свобод-ный университет, Усть-Каменогорск, Казахстан. E-mail: akerke_t_99@mail.ru, ORCID: 0000-0002-7902-5221

Nurlanova Asem Nurlankyzy – Candidate of Philology, Professor, Kazakh-American Free University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan. E-mail: anur_81@mail.ru, ORCID: 0000-0001-9782-1507

Seiputanova Ayymgul Kamzanovna – Candidate of Philology, Professor, S. Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan. E-mail: aiimgul@bk.ru, ORCID: 0000-0003-4352-4448

Zhamsap Akerke Talgatkyzy – Master of Education, Lecturer, Kazakh-American Free University. E-mail: akerke_t_99@mail.ru, ORCID: 0000-0002-7902-5221.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).